

Қызылорда облыстық білім басқармасы  
И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық  
колледжі

**Қазақстан тарихы пәнінен  
ашық сабақтың әдістемелік талдауы**

**Тақырыбы:** 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс

**Әдісі:** Ізденіс-зерттеу сабағы

**Дайындаған:** Нұрпейісова Әлия Әлиакбарқызы

Әдістемелік талдау Қоғамдық пәндер циклі отырысында  
қаралып, мақұлданды.

Хаттама № 3 « 20 » « 11 » 2012 жыл

Қызылорда қаласы

## Алғы сөз

Қазақстан тарихын оқып үйрену- оқушыларды дербес зерттеу қызметіне талаптандыратын, олардың өз тұжырымдары мен пайымдауларын талдауға ынталандыратын, өз ойын білдіру қабілетін дамытатын белсенді процесс.

### **Қазақстан тарихы пәнін оқып-үйренудің мақсаты:**

тарихи құбылыстарды жаңаша, творчестволық тұрғыдан түсінуге қол жеткізу, объективтік ғылыми тұрғыдан қазақ халқының бұрынғы және қазіргі өмірдегі тарихи болмыстарды түсінуге жаңа әдістерді табуға оқушыларға көмектесу;

тарихты оқып-үйрену әрбір азаматтың міндеті екені және өз халқының тарихын білмеу немесе бұрмалау ұлтшылдыққа, шовинистік пиғылға және мәңгүрттікке соқтыратыны туралы оқушыларға түсінік беру. Қазақ халқы ерте заманнан бергі дәуірде халқымыздың елдігін, ерлігін сынайтын үш кезеңді басынын кешірді. Оның біріншісі жаңа өмірге келгенде қолына қан уыстап туған Шыңғысхан шапқыншылығы болса, екіншісі елді еңіретіп «Ақтабан шұбырынды» еткен жоңғар шапқыншылығы, үшіншісі ең талмауытты-талмалы тұсы 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс. Тарих қазақ халқының шаңырағын үш рет шайқалтты. Олар «Ойран заман», «Зар заман», «Қилы заман». Міне, біздің бүгінгі тақырыбымыз осы қилы замандағы ірі тарихи оқиғалардың бірі. Ел Тәуелсіздігі үшін, қазақ жері үшін болған бұл оқиғалардың қазақ тарихындағы алатын орны ерекше.

## Сабақты жүргізу әдістемесі

Сабақ жұмыстық оқу бағдарламасы және күнтізбелік-тақырыпты жоспар бойынша жазылған. Дәрісхананың тазалығы, сабаққа дайындығы, көрнекі құралдармен қамтамасыз етілуін бақылаймын.


Содан соң оқушылардың жаңа сабаққа қызығушылығын тудыру мақсатында ой шақыру әдісін қолданамын.

**А) Бірінші сұрақ** 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің басталуы, алғышарттары турасында оқушы лекция, әңгімелеу, терминдерді түсіндіру, СТО әдістерін т.б шебер қолданып, нақты түсіндіріп өтті.


**Ә) Екінші сұрақтың** негізгі түсінігін бір оқушы Қ.Р картасы, слайдтарды қолдана отырып түсіндірді.

Ізденіс-зерттеу сабағы болғандықтан бірнеше оқушы өзі ізденіп келген тақырыптары

бойынша сөйледі. Мысалы: А.Иманов, Ә.Жанбосынов т.б өмірбаяны, ерлігі айтылды. А.Имановқа арналған 74 минуттық кинофильмді монтаждап 5 минуттық үзінді көрсетіп шықты. Келесі бір оқушы 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан көтерілісшілердің қолданған қаруларының, киімдерінің үлгісін театрландырылған көрініс арқылы бейнелеп берді. Жетісу көтерілісі бойынша 1916 жылғы патша жарлығына қарсы шыққан Қазыбек Шорманұлы, Серікбай Қанайұлы, Тобанияз Әлниязұлы және осы уақыттарда дәрігерлік қызмет атқарған Әбубәкір Алдияров туралы айтылып өтті.



Б) Үшінші сұрақ бойынша көтерілістің жеңілуі, тарихи маңызы туралы толық баяндалды. Оразақынова Нұрша Алжанбайқызының «Сатылай кешенді талдау» технологиясының элементтері, М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту» технологиясының элементтері т.б пайдаланылды. Жалпы сабаққа қорытынды жасалып, оқушылар білімі бағаланып, үй тапсырмасы берілді және сабақтың аяқталғаны туралы хабарланды.



Оқушылар ізденістері.

1.Топтағы үш оқушы жоспардағы көрсетілген сұрақтарға қысқаша тоқталып, түсіндіріп өтеді.

Оқытушы міндетті түрде пысықтайды.

*4-оқушы*

*Зерттеу жұмысы.*

Келесі оқушы жоспардағы екінші сұрақты толықтыру мақсатында Сырдария көтерілісіне тоқталды. Сырдария көтерілісі-осы өлкенің Әулиеата уезінде болған халық толқуы. Патша өкіметінің 1916ж25 маусымдағы жарлығы бойынша Әулиеата уезінен тыл жұмысына 22675 адам алынуға тиіс болды. Әулиеата уезіндегі көтерілістің алғашқы кезеңіне Тұрар Рысқұлов қатысты. Т.Рысқұлов көтерілісті алдын ала ұйымдастыру, қарулы күрес ошақтарын өзара үйлестіру, орыс шаруаларын қақтығыстарға бармау қажеттігі жайлы ұсыныстар айтты. Алайда бұл ұсыныстарға құлақ асылмай селоларды қоршап, шабуылдар жасады. Бұған қарсы 1916ж қыркүйектің басында қосымша әскер жіберіп, Сырдария көтерілісі күшпен басып жанышталды. Сыр бойындағы көтерілісті зерттеген соң оқушы Қызылорда облысындағы тарихи оқиғаныда іздестірген, нақты мәлімет



таппағанымен зерттеу барысында Қалжан Ахун турасында тарихи деректеме айтып өтеді. Қалжан Ахун Бөлекбайұлы (1862-1916)-діни қайраткер. Әкесі Бөлекбай Қарақалпақстандағы табын руының белгілі адамдарының бірі болған. Қалжан Ахун парсы, араб, тәжік тілдерін жетік білген. Өз атымен атаған мешітте имам болған. Патша әкімдері тарапына халықты қолдаған үшін қудаланып, түрмеге қамалған. 1916 жылдың жазында ораза кезіндегі намаз үстінде қайтыс болған. Қызылорда облысындағы Қалжан ахун мешітінің іргетасы 1902 жылы қаланған.

5-оқушы  
Зерттеу жұмысы

Аманкелді Имановтың өмірбаяны

Амангелді Үдербайұлы Иманов – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, Кеңесары Қасымовтың үзеңгілес серігі Иман батыр Дулатұлының немересі. Әкесі шаруа баққан, момын кісі болған. Шешесі Қалампыр Қақуқызы медресе бітірген. . Амангелді әуелі ауыл молдасынан екі жыл оқып кейін Тасыбай, Тәшмағамбет ишандардың медресесіне түскен. Әкесінен 7 жасында жетім қалып, жоқшылық тауқыметін ерте тартқан. Ел ішінде дау-шарға ерте араласқан, сол себепті Ресей империясының жергілікті билеушілерінің қудалануына ұшырап, 1896-1911 жылдар арасында бірнеше рет түрмеге отырғызылды. Амангелді батырдың ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы көтеріліс кезеңінде көрінеді. Амангелдіден Рамазан, Шәріп есімді екі бала қалды. Ұрпақтары Алматыда тұрады.«Батырдан –батыр туар ел таныған» демекші ұлы Рамазан Амангелдиев Мәскеу шайқасынан қатысқан 238-ші атқыштар дивизиясының автоматшысы болды. Ока жағасында , Серпухов түбіндегі Воронино қыстағындағы шайқаста 13 фашистің көзін жойып, өзі де қаза тапты. Амангелдінің ерлікке толы ғұмыры көптеген ақын-жазушылардың,суретшілер мен композиторлардың шығармаларына арқау болған.



«Асанов ва Иманов портреті». Суретші О. Қасеев



**6-оқушы**  
**Зерттеу жұмысы**

1966 жылғы 74 минуттық Амангелді кинофильмін 5 минутқа монтаждап әкеліп , режиссер, актерлер т.б. тарихи деректемелерін айта отырып түсіндіріп шықты.

**7-оқушы**  
**Зерттеу жұмысы**

Көтерілістің Торғай даласындағы басшыларының бірі-Әбдіғаппар Жанбосынов турасында деректеме. Әбдіғаппар Жанбосынұлы – қазақ халқының 1916-1917 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының Торғай даласындағы басшысы. Тілеулі батырдың ұрпағы. Арғы атасы Нияз би-Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын (1847-1895 ж) көп жылдар болыс болған. Анасы-Алуа Ақтасқызы (1840-1934) (Ақтас-Ахмет Байтұрсыновтың әкесінің ағасы) Әбдіғаппар өз ауылында бастауыш мектеп ашқан. Ағаштан ою ойған шебер болған, суармалы егіншілікпен айналысқан, ақыл-парасатымен ел ағасы атанған. 1916 ж 21 қарашада 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Әбдіғаппарды хан көтеріп, Амангелдінің сардарбек етіп сайлады. Әбдіғаппар ел билігін соғыс жағдайына бейімделген дала демократиясы негізінде қайта құрды. Көтерілісшілерді 20 адамнан тұратын халық өкілдерінің кеңесі арқылы басқарды. Бұл кеңес әскери, әкімшілік, шаруашылық мәселелерін шешетін басшы орталық болды.

Көтерілісшілер ежелгі шығыс дәстүрімен ондық, жүздік, мыңдықтарға жіктелді. Кейін Әбдіғаппар Кеңес өкіметінің саясатын жүргізуден бас тартқан соң , қызыл әскерлер қолынан қаза тапты. Ұрпақтары «хан тұқымы» ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.



Әбдіғаппар Жанбосынтұлы




Амангелді Иманов жасағының шабуылы. Суретші О. Қаспеев

## 8-оқушы Зерттеу жұмысы

Қарқара аймағындағы көтеріліс басшыларының бірі-Қазыбек Шорманұлы және Серікбай Қанайұлы туралы айтып өтті. Қазыбек Шорманұлы –Қарқара көтерілісі басшыларының бірі. Ол 1864 жылы Жетісу облысы Жаркент уезі Байынқол болысында дүниеге келіп, 1916 жылы 8 тамыз күні Қырғызиядағы Қарақол қаласында бір топ көтеріліс басшыларымен бірге атылды. Қазыбек Шорманұлы 1916 жылғы шілде айының бас кезінде Қарқара-Кеген –Нарынқол өңірлерін мекендеген елдерді Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Ә.Сұлтанбеков сынды беделді адамдармен бірге маусым жарлығына қарсы шығуға үндеді. Ереуілтөбеде болған көп адам қатынасқан мәжілісте патша жарлығын орындауға қарсы шықты. Осы жиыннан кейін Қарқара көтерілісі басталды. Көп кешікпей патша жазалаушылары Ереуілтөбеде болғандарды түгелімен тұтқындап, түрмеге жапты. Бір топ басшылары ату жазасына кесілді. Серікбай Қанайұлы-Қарқара көтерілісі жетекшілерінің бірі. Ол қазіргі Алматы облысының Райымбек ауданы Жалаңаш ауылында 1870 жылы 3 қазанда дүниеге келіп, 1916 жылы 3 тамызды Кегенауылы маңындағы Қайқы асуында қайтыс болған. 1916 жылғы патша өкіметінің маусым жарлығына қарсы Ұзақ, Жәмеңке батырлармен көтерілісшілердің 400 адамнан тұратын алғашқы жасағын ұйымдастыруға тікелей араласты. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанда, көптеген серіктерімен бірге патша жендеттерінің қолынан оққа ұшты. Ол туралы Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» повесінде айтылған

9-оқушы  
Зерттеу жұмысы

Қостанай өңірінен шыққан дәрігер Әбубәкір Алдияров туралы. Алдияров Әбубәкір Бермұхамедұлы- қоғам қайраткері. 1904 жылда Ақтобе , Қостанай өңірінде дәрігер болып қызмет істеді.Әубәкір 1916 жылы Белоруссияда (Минск қаласы) қара жұмысқа алынған қазақтар арасында дәрігерлік қызмет атқарды. 1917 жылы елге оралған соң Алаш қозғалысына белсене араласты. Алашорданың Қостанай уездік комитетінің төрағасы және Торғай облысы комитеті мүшесі болды. Алдияров Әбубәкір Бермұхамедұлы Алаш қозғалысына белсене араласқаны үшін 1928 жылы Өскеменге жер аударылды. 1936-1938 жылдары Қырғызстанның Қарақол қаласында,Тараздағы темір жол ауруханасында қызмет істеді. Алдияров 1938 жылы жала жабылып,ату жазасына кесілді.1956 жылы 20 қыркүйекте ақталды



10, 11 -оқушылар  
Зерттеу жұмыстары

Оқушылар Амангелді Иманов бейнесін сомдау үшін батыр сарбаздарының киімдерін киді. Қару- жарақ турасында түсінік беріп өтті.

12 -оқушы  
Зерттеу жұмысы

Батыс Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс.Көтеріліс бұрынғы Бөкей ордасын,Орал облысын , Ақтөбе, Ырғыз уездерін қамтыды. Б.Қаратаев, Ж.Сейдаллин Ресей Мемлекеттік думасының төрағасына арнайы хат арқылы тыл жұмысына адам алуды 1917жылдың 17 мамырына дейін тоқтата тұру керектігі жөнінде ұсыныс жасады. Бөкей ордасындағы көтерілісшілерге Исатай Тайманұлының немересі Өтепқали Дінбаянұлы жетекшілік етті. Ақтөбе көтерілісшілері теміржолды бұзіп, пойыздарға бөгет жасады. Нәтижесінде көтерілісті ұйымдастырушылар тұтқынға алынды.

13,14,15 -оқушылар  
Зерттеу жұмыстары  
1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің қазақ әдебиетінде  
жырлануы туралы айтып өтті.

1. Ж.Жабаевтың «Зілді бұйрық»
2. М.Әуезов «Қилы заман» т.б



*Қызылорда қаласындағы А.Иманов атына берілген  
ескерткіш.*

**Облыс бойынша көтеріліске қатысқан батырларға  
қойылған ескерткіштер**






***Патша жарлығына қарсы шыққан қазақ зиялылары***





## Ұлы тұлғалар есімі берілген жерлер



## Жаңа тақырыпты пысықтауға арналған ойындар

### Тарихи диктант

**Шарты:** Диктант ішінен бүгінгі сабаққа қатысты есімдерді ғана теріп жазу.

Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Аманкелді,  
әл-Бируни, Ұзақ, Жәмеңке, Гауһар-Шахназ, Жошы,  
Тоқаш, Жүсіп-Зылиқа, Бекболат, Әбубәкір,  
әл-Мақдиси, Бауыржан, Әбдігәппар, Төле,  
Хамадани, Серікбай, Қазыбек, Әліби, Үгедей,  
Нұрсұлтан.

## “Кім көп біледі?”

Мына есімдер мен цифрларға айнастама бер.

- |                    |                   |
|--------------------|-------------------|
| 1. 1916ж 25 маусым | 7. Жетісу         |
| 2. Бекболат        | 8. 1916ж 23 тамыз |
| 3. Торғай          | 9. Кейкі          |
| 4. Тұрар           | 10. Татыр         |
| 5. 1916ж 22 қазан  | 11. Тоқмық        |
| 6. Куропаткин      | 12. Қилы заман    |


## Жаңа тақырыпты пысықтауға арналған ойындар

### “Сөйлемдерді толықтыр”

**Шаршы:** Сөйлемнің ішінде бос тұрған орындарды қажетті сөздермен толықтыру


1. Ұлт - азаттық көтерілістің негізі қозғаушы күші \_\_\_\_\_.
2. Көтеріліске шыққан халық бірінші кезекте отарлауға дейінгі қалпына келтірді \_\_\_\_\_.
3. 1916ж 3 тамыз - генерал-губернатор Куропаткиннің \_\_\_\_\_ шықты.
4. Батпаққара жазығы мен Ақсұм құмының маңында 1917 ж ақпанда Амангелді серігі, атақты \_\_\_\_\_ жасағы ерекше ерлік көрсетті.
5. Патшалық отаршыл әкімшілік 1916ж Ұлт - азаттық қозғалысты қатаң жазалап, күштеп тыл жұмысына алды.

Көтерілістің басталу себебі?



*Жаңа тақырыпты пысықтауға арналған ойындар*

"Жұрт сендей соғылды, түнде ұйқыдан,  
күндіз күлкіден айырылды"



М.Дулатұлы



*Торғай өңіріндегі көтерілістің  
"рухани көсемін" атаңыз*



*Ә.Жанселдин*



*Жаңа тақырыпты пысықтауға арналған ойындар*

**Кім мерген?**

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15

x



*Ашық сабақтан көріністер*





*Ашық сабақтан көріністер*



## Үйге тапсырма.

1. Картамен жұмыс.
2. Тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын жалғастыру.
3. Шығармашылық тапсырма (тарихи - логикалық есептер құру).



Оқытушы қолы:

Нұрпейісова Ә.Ә